

Yespembetov B.A., Syrym N.S., Zinina N.N., Tabynov K.K.,
Ryskeldinova S.Z., Konbaeva G.M.

METHOD FOR DETERMINING THE MINIMUM CONJUNCTIVAL INFECTION DOSE CONTROL STRAINS B. ABORTUS 544 FOR CATTLE

Annotation

This paper presents the results of determining the minimum infective dose of B. Abortus 544 strain conjunctival route of administration and the possibility of using it to challenge in the evaluation of the immunogenicity antibrucellar vector vaccines in cattle. B. abortus 544 strain at a dose of 500 million microbial cells can be used for the method of administration conjunctival challenge in assessing the immunogenicity antibrucellar vector vaccines.

Keywords: brucellosis, strain, dose, method, cattle, vaccine.

ӘОЖ 619:615. 35:616.07

Кеңесхан Ж., Қазиев Ж.І., Мурсалимова М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АС ҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАНДАҒЫ ЖАЛПЫ БЕЛОК ЖӘНЕ БЕЛОК ФРАКЦИЯЛАРЫНА ГРЕК ЖАҢҒАҒЫ ТҮНБАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада грек жаңғағы тұнбасының жалпы белок және белоктық фракцияларға әсер ету нәтижелері келтірілген. Бұл препараттардың сондай-ақ басқа фракцияларға да қуаттандырып әсер ететіндігі жайлы деректер бар.

Кілт сөздер: диспепсия, қайнатпа, тұнба, тұнбаша, антибиотиктер, белок, глобулин, фосфор, альбумин, процесс.

Кіріспе

Мал шаруашылығы алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі – төлдер арасындағы ауруларды болдырмай, малдардың өсіп-көбею мүмкіндігін жоғарылату. Сонымен қатар, ғылым алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі ауыл шаруашылық мал организмінің физиологиялық және өсіп-өну қабілетін жоғарлататын арзан да тиімді, әсері күшті биопрепараттар шығару болып табылады. Қазіргі кездегі көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ас қорыту жүйесі ауруларына ермен, жусан, зығыр және тағы басқа өсімдіктердің тұнбаларын қолдану жақсы нәтижелер беретіні айтылған. Бірақ, әлі де болса сапалы, қол жетерлік, қарапайым дәрілік заттарды өндіріске енгізудің маңызы өте зор [1, 2]. Осыған орай, біз өзіміздің зерттеулерімізде грек жаңғағы тұнбашасын, тұнбасын немесе қайнатпасын бұзаулардың диспепсиясына қарсы қолданып, біршама көңіл толарлық нәтижелер алдық. Бұл нәтижелердің бірі – грек жаңғағы тұнбасы немесе қайнатпасының ауру бұзаулар ағзасындағы жалпы белок және оның фракцияларына әсері.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Грек жаңғағынан жасалынған тұнбаның немесе қайнатпаның ас қорыту жүйесіне әсерін зерттеу мақсатындағы ғылыми жұмысты орындау барысында шаруашылықтағы ауру бұзауларды диспепсияның жеңіл түрінің клиникалық белгілеріне қарай, 5 бастан, екі топ құрдық. тәжірибелік топтағы 5 бұзауға грек жаңғағы тұнбасын немесе қайнатпасын (50 мл тұнбаша + 50 мл су немесе 100-200 мл қайнатпасы) емізік шөлмек арқылы

окситетрациклин гидрохлоридімен бірге қолдандық. Әр бұзауға бір бергенде 150-200 мл берілді. Дайындалған қайнатпаны тоңазытқышта 2-3 тәулік сақтауға болады. Ал тұнбашаны ұзақ уақыт сақтай беруге болады. 2 бақылау тобындағы бұзауларды емдеу үшін шаруашылықта күнделікті қолданылатын емдік шара – антибиотиктер, соның ішінде окситетрациклин гидрохлоридін қолдандық. Окситетрациклинді бір бұзауға 5-7 мың ә.б./кг мөлшерінде тәулігіне 1 рет, 5 күн, бұлшық етке ектік. Қанды зертеу емдеу жүргізілгеннен кейінгі 1, 5, 10, 15 күндері жүргізілді. Диспепсия кезіндегі қан құрамындағы өзгерістерді анықтау үшін, оның биохимиялық құрамына талдау жүргіздік. Яғни, эритроцит, лейкоцит, гемоглобин санын, сонымен қатар, ақзат және ақзат фракцияларын анықтадық.

Жалпы белок С.П. Басовтың (1965) таблицасын қолдана отырып « ИРФ-54» типті рефрактометрден анықталды. Рефрактометрдің жоғарғы призмасын көтеріп, төменгі призмаға тексерілетін қансарысуынан пастер пипеткасымен 1 тамшы тамызады. Жоғары призманы жауып окулярды жарыққа бағыттайды. Окулярдан әр түрлі бағытта сызықтар, сан көрсеткіштерін көруге болады.

1-кесте – Бұзаулардың қан сарысуы құрамындағы жалпы белоктың және белок фракцияларының динамикасына әсері.
г/л, ($M \pm m$, $n = 10$)

Көрсеткіштер	Топтар	Препаратты бергенге дейін	Препаратты бергеннен кейінгі қан алу мерзімдері			
			1-ші күні	3-ші күні	5-ші күні	10-шы күні
Жалпы белок	Тәжірбие	$65,72 \pm 1,34$	$67,03 \pm 1,12$	$69,94 \pm 1,28$	$71,44 \pm 1,28$	$70,66 \pm 1,39$
	Бақылау	$66,19 \pm 1,28$	$66,14 \pm 1,41$	$66,12 \pm 1,09$	$66,18 \pm 1,14$	$66,10 \pm 1,11$
Белок фракциялары:						
Альбуминдер	Тәжірбие	$26,18 \pm 0,12$	$28,34 \pm 0,09$	$30,83 \pm 0,11$	$32,37 \pm 0,12$	$31,99 \pm 0,11$
	Бақылау	$27,25 \pm 0,12$	$27,23 \pm 0,12$	$27,08 \pm 0,10$	$27,18 \pm 0,09$	$27,23 \pm 0,09$
Глобулиндер	Тәжірбие	$37,94 \pm 0,18$	$38,29 \pm 0,14$	$39,11 \pm 0,16$	$39,17 \pm 0,18$	$38,67 \pm 0,19$
	Бақылау	$37,84 \pm 0,17$	$38,11 \pm 0,17$	$38,74 \pm 0,13$	$38,90 \pm 0,13$	$38,87 \pm 0,13$
α -глобулиндер	Тәжірбие	$11,08 \pm 0,04$	$10,57 \pm 0,03$	$9,99 \pm 0,03$	$8,99 \pm 0,03$	$9,19 \pm 0,04$
	Бақылау	$11,06 \pm 0,05$	$11,19 \pm 0,06$	$11,25 \pm 0,04$	$11,25 \pm 0,05$	$11,14 \pm 0,04$
β -глобулиндер	Тәжірбие	$11,05 \pm 0,04$	$10,88 \pm 0,04$	$9,93 \pm 0,04$	$8,89 \pm 0,05$	$9,33 \pm 0,05$
	Бақылау	$10,53 \pm 0,04$	$10,52 \pm 0,03$	$10,52 \pm 0,02$	$10,52 \pm 0,03$	$10,50 \pm 0,03$
γ -глобулиндер	Тәжірбие	$16,31 \pm 0,10$	$17,84 \pm 0,07$	$19,19 \pm 0,09$	$21,19 \pm 0,10$	$20,15 \pm 0,10$
	Бақылау	$16,25 \pm 0,09$	$17,20 \pm 0,08$	$17,26 \pm 0,0$	$17,23 \pm 0,05$	$17,23 \pm 0,06$

Арнаулы қозғалмалы бөлшек (маховик) арқылы көрсеткіш сызықты, ашық алаң мен сан көрсеткіші бағанаға келтіріп, ондағы цифрларды анықтайды. Мысалы, рефрактометрдегі қан сарысуының нақтылы цифрлі көрсеткіші (рефракциясы) 1,3485, осы цифрды арнаулы таблицадан табады да, соның көрсеткіші тұсынан белоктың мөлшері анықтайды. Таблицадағы оның көрсеткіші 7,46 г%.

Ескерту: егер жалпы белоктың мөлшерін халықаралық өлшем бірлігіне келтіру қажет болса (СИ), онда 2%-ті г/л-ге айналдыру үшін 10000-ға көбейтеді.

Қан сарысуындағы белоктың фракцияларды анықтау үшін Смитиустың әдісі бойынша (В.Н. Красов пен Л.Б. Кацованың модификациясы бойынша, 1972) крахмал геліндегі электрофорезді қолдандық.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Организмнің иммунды жағдайын анықтау үшін қанның құрамындағы жалпы белоктың және оның фракцияларының мөлшерін зерттеудің маңызы өте зор. Себебі белоктар жануарлар ағзасының өсіп-өну функциясының бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Грек жаңғағы тұнбасының жалпы белок және оның фракцияларына әсері 1-ші кестеде көрсетілген.

Организмге препараттың емдік мөлшерін енгізу белок құрамында айтарлықтай өзгерістер туғызады. Препаратты енгізгенге дейінгі бірінші тәуліктерде жалпы белоктың мөлшері тәжірибе тобы мен бақылау тобындағы бұзаулармен салыстырғанда жалпы бірдей болатындығын байқауға болады.

Препаратты енгізгеннен кейін жалпы белоктың мөлшері тәжірибе тобында бақылау тобындағы бұзауларға қарағанда едәуір артады. Айтарлықтай өзгерістер препаратты енгізгеннен кейін 3-5-ші күндері 12,1 және 5,0 пайызға жоғарылайды. Ал бақылау тобындағы бұзауларда жалпы белоктың концентрациясы жоғарыда аталған мерзімдерде көп өзгеріске ұшырамайды, ол керісінше 1,5 пайызға төмендейді.

Грек жаңғағы тұнбасы белоктық фракцияларға да айтарлықтай әсер етеді. Препарат егілгенге дейінгі белок фракцияларының концентрациясы сынақ тобындағы бұзауларда салыстырмалы түрде бір деңгейде болды. Өзгерістер перепаратты еккеннен кейінгі мерзімдерде байқала бастады. Мысалы, альбуминдердің максимальды түрде жоғарылауы тәжірибе тобындағы бұзауларда еккен күннен кейінгі 3 күні 5,4 пайызға; 5-ші күні 11,2 пайызға жоғарылайды. Ал бақылау тобындағы бұзауларда альбуминдер айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды.

Бұл алынған препараттардың сондай-ақ басқа фракцияларға да қуаттандырып әсер етеді. Негізінен олардың концентрацияларының ең жоғарылау шегі препаратты екінші қайтара еккеннен кейінгі 3 және 5-ші күндері байқалып отырды. Гамма-глобулиндердің концентрациясы тәжірибе тобындағы малдарда алғашқы күндері-ақ айтарлықтай жоғарылап тәжірибе аяқталғанша жоғары деңгейде тұрды. Гамма-глобулиндер аталған мерзімдерде тиісінше 33,3 және 12,7 пайызға көтерілсе, ал бақылау тобындағы бұзауларда небәрі 7,4 және 6,6 пайызға ғана жоғарылайды.

Бұзаулардың қан сарысуы құрамындағы жалпы белокпен оның фракцияларының көрсеткіштерін салыстыра отырып мынаны айтуға болады. Алынған препарат жануарлар организмне олардың жүйке жүйесі арқылы әсер етеді, бірақта белоктың алмасу процессіне қатынасатын РЭЖ – нің клеткалық элементтерін және жатыр – аналық без жүйесін, естен шығармауымыз керек. Сонымен, қатар препараттың емдік дозасы организмдегі биохимиялық процесстердің белсенділігін күшейтеді деп айту болады.

Қорытынды

1. Грек жаңғағы тұнбасы немесе қайнатпасының емдік мөлшерін қолдану бұзаулар ағзасының физиологиялық реакцияларын және қорғаныс қабілеттілігін арттырады.

2. Грек жаңғағы тұнбасы немесе қайнатпасы 1-2 айлық бұзаулардың қан сарысуы құрамындағы жалпы белоктың және белок фракцияларының деңгейін арттырады: альбуминдердің деңгейі ауру бұзауларда 19,1%-ға дейін; гамма-глобулиндердің мөлшері – 22,4%-ға жоғарылағаны анықталды.

Тұжырым

Емдік мақсатта қолданылатын грек жаңғағының тұнбасын, тұнбашасын және қайнатпасын төлдердің диспепсиясы кезінде қолдану қандағы белок және белок фракцияларына және өсіп-өну функциясына тиімді әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Молдагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Кулдеев А.И., Камбарбеков А.Т.- «Ветеринарлық клиникалық диагностика», Алматы, 2004 ж.
2. Молагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Камбарбеков А.Т. «Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы» Алматы, 2007 ж.

Кенесхан Ж., Қазиев Ж.І., Мурсалимова М.

ВЛИЯНИЕ НАСТОЯ ГРЕЦКОГО ОРЕХА НА ИЗМЕНЕНИЕ ОБЩЕГО БЕЛКА И БЕЛКОВЫХ ФРАКЦИИ ПРИ БОЛЕЗНЯХ ПИЩЕВАРИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация

В статье приведены результаты влияния настойки, настоя и отвара грецкого ореха на изменении белка и белковых фракции крови.

Ключевые слова: диспепсия, отвар, настой, настойка, антибиотик, белок, глобулин, фосфор, альбумин, процесс.

Keneskhan J., Mursalimova M., Kaziev ZH.I.

INFLUENCE INFUSION OF WALNUT PROTEIN AND PROTEIN FRACTION AT DISEASES OF DIGESTIVE SYSTEM

Annotation

The results of the effect of tinctures, infusions and decoctions of walnuts on protein and protein fractions of blood.

Keywords: dyspepsia, decoction, infusion, tincture, an antibiotic, protein, globulin, phosphorus, albumin, process.

ӘОЖ 619:615.35:616.07

Мурсалимова М., Кенесхан Ж., Джанабекова Г.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ІРІ ҚАРА ГИПОДЕРМАТОЗЫН ЗАМАНАУИ ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРМЕН ЖӘНЕ АДЫРАСПАН ТҰНБАСЫМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕМДЕУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақала ветеринария саласына, соның ішінде, ірі қара гиподерматозын емдеу шараларына, қолданылған препараттың жануарлардың тері ауруларын оның ішінде гиподерматозын емдеу және тотығу-тотықсыздану процессін қалыптандыруға арналған.